

Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 12 мамырдағы № 63 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 15 мамырда № 32489 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 13 маусымдағы № 33 бұйрығымен

Ескерт. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 13.06.2024 № 33 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабына және 143-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қатысты тексеру парағы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қатысты тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және қорғау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу
жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 12 мамырдағы
№ 63 бұйрығына
1-қосымша

Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 143-бабының 3-тармағына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында Кодекстің 138 және 139-баптарына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында бақылауды және қадағалауды және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді және тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тәуекел – салдарының ауырлық дәрежесін ескере отырып, бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

2) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі;

3) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің

әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жекелеген бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланысты емес бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бір бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар тізбесі, олардың сақталмауы кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соғады;

7) өрескел бұзушылықтар – кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғатын талаптарды бұзушылықтар;

8) елеулі бұзушылықтар – кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқпайтын және өрескел және болмашы бұзушылықтарға жатпайтын талаптарды бұзушылықтар;

9) болмашы бұзушылықтар – кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексерулер жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарының және тексеру парақтарының болмауымен және оларды реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырмаумен, сондай-ақ лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны электрондық нысанда тиісінше ресімдемеумен байланысты талаптарды бұзушылықтар.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 18.03.2024 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тәуекел дәрежесін айқындау кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу ықтималдығына байланысты жүзеге асырылады.

4. Барлық ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізу кезінде бақылау субъектілері екі тәуекел дәрежесі (жоғары және жоғары дәрежеге жатқызылмаған) бойынша бөлінеді.

5. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесіне жатқызу объективті және субъективті өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады.

2-тарау. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру

6. Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылаудың ерекшелігі ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес пайыздық арақатынаста өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда шағын және орта бизнестің жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны өсімінің көрсеткіші ең аз екі өңірде (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) бақылау субъектілерін іріктеу жүргізіледі.

Бұл ретте соңғы үш жылда бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүзеге асырылған өңірлердегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) бақылау субъектілері іріктеуге жатпайды.

Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 18.03.2024 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Объективті өлшемшарттар

7. Объективті өлшемшарттар бойынша іріктелген өңірлерде (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада):

1) Кодекстің 138 және 139-баптарына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды;

2) Заңға сәйкес бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді жүзеге асыратын барлық бақылау субъектілері тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша Заңға сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын іріктелген өңірлердегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) бақылау субъектілері тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатпайды.

9. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне

жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты субъективті өлшемшарттар қолданылады.

2-параграф. Субъективті өлшемшарттар

10. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

11. Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды әлеуетті тәуекелі ең жоғары бақылау субъектісіне қатысты шоғырландыруға мүмкіндік береді.

12. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік органдардың, бұқаралаық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарына талдау жасау;
- 2) бақылау және қадағалау субъектісіне және (немесе) тексерулерге бару арқылы алдыңғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері.

Ескерту. 12-тармақ жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 18.03.2024 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Субъективті өлшемшарттар бойынша іріктелген өңірлер (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) шеңберінде талдаудың алдындағы жартыжылдықта:

- 1) кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында жүргізілген бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексерудың;
- 2) бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруден бас тартулардың ең көп саны болған бақылау субъектілері тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады.

Ескерту. 13-тармақ жана редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 18.03.2024 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

15. Талданатын кезеңде тексерулерге бару арқылы профилактикалық бақылау субъектілерін іріктеу кезінде бұрын есепке алынған және алдыңғы талданатын кезеңде пайдаланылған бақылау және қадағалау салалары, бірінші және екінші санаттағы рұқсаттар ескерілмейді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 18.03.2024 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы бұзушылықтар үш дәрежеге бөлінеді: өрескел, елеулі және болмашы. Талаптарды бұзу дәрежесі осы Өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес айқындалады.

17. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері ең үлкен бақылау субъектілерінің басымдықтары ескеріле отырып жасалады.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу

18. Барлық ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізілгеннен кейін бақылау субъектілері екі тәуекел дәрежесі (жоғары және жоғары дәрежеге жатқызылмаған) бойынша бөлінеді.

Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 деген көрсеткіші беріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7, \text{ мұндағы:}$$

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ мұндағы:}$$

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеліп, елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы мына формула бойынша айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H, \text{ мұндағы:}$$

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Кәсіпкерлік субъектілерін
қолдау және қорғау саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
қосымша

Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы субъективті өлшемшарттар тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 18.03.2024 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Өлшемшарттар	Бұзушылықтар дәрежесі
1	2	3
1. Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау		
1	Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында жүргізілген бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерулердің ең көп саны	Өрескел
2	Бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруден бас тартулардың ең көп саны	Өрескел
2. Алдыңғы бақылау мен қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерулердің нәтижелері		
Бақылау субъектілерінің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін сақтауы бойынша өлшемшарттар		
1	Реттеуші мемлекеттік органның, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітілген және реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді жүргізу	Болмашы

	үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарының болуы.	
2	Реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында және өзге де цифрлық платформаларда орналастырылған бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына қатысты актілердің, тексеру парақтарының болуы.	Болмашы
3	Реттеуші мемлекеттік органның және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітілген және реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының болуы.	Болмашы
4	Профилактикалық бақылауды бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай жеке кәсіпкерлік субъектісі ұсынған есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтерді және бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді талдау негізінде жүргізу.	Елеулі
5	Реттеуші мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен жартыжылдық график пен жартыжылдық тізімі негізінде нақты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу.	Өрескел
	Мынадай негіздер бойынша нақты бақылау мен қадағалау	

субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізу :

1) талаптарға сәйкестігін тексеру және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған өрескел бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

2) егер бақылау мен қадағалау субъектісі бір реттен артық анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты ұсынбаса және (немесе) бұзушылықтарды жоймаса, талаптарға сәйкестігін тексеру және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектiсіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған елеулі және болмашы бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

3) сенімді негіздер және растайтын дәлелдемелер болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары;

4) адамның өміріне, денсаулығына , қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша не оларға зиян келтіру қатері туралы прокуратура органдарының тапсырмалары;

5) адамның өміріне, денсаулығына , қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің, сондай-ақ жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын

бұзушылықтардың нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдардың жолданымдары;

6) бақылау мен қадағалау субъектісінің бастапқы тексерумен келіспейтіні туралы жүгінуіне байланысты қайта тексеру (жедел ден қою шараларын қолданудың заңсыздығы);

7) қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмасы;

8) салық төлеушінің жолданымдары, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалған мәліметтер мен мәселелер.

Мынадай негіздер бойынша тергеп-тексеруді жүргізу:

1) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру факті адамдар тобына қатысты болған және бұзушылықтарға жол берген нақты бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) анықтау талап етілетін жағдайларда олардың нақты фактілері бойынша жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жолданымдары;

2) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес қайтыс болу туралы ақпарат (шұғыл хабархат);

3) эпидемияның, жалған және тіркелмеген пестицидтердің, ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының, карантиндік объектілер мен аса қауіпті зиянды организмдер ошақтарының, инфекциялық, паразиттік аурулардың, уланулардың, радиациялық

7	<p>авариялардың туындауы мен таралуы туралы мемлекеттік органдар немесе қызмет субъектілері беретін ақпарат (шұғыл хабархат);</p> <p>4) еңбек қызметіне байланысты жұмыскерлердің денсаулығын зақымдау жағдайлары және еңбекке жарамсыздыққа не өлімге алып келген жағдайлар;</p> <p>5) алдындағы мән-жайларын анықтау, олардың себептерін, техникалық құрылғыларды пайдалану шарттарын, технологиялық процестерді бұзушылықтардың, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, электр энергетикасы саласындағы талаптарды бұзушылықтардың сипатын анықтау, осындай авариялардың, технологиялық бұзушылықтардың немесе оқыс оқиғалардың салдарларын жою және оларды болғызбау жөніндегі іс-шараларды, авариядан, технологиялық бұзушылықтан немесе оқыс оқиғадан келтірілген материалдық залалды айқындау қажеттігі туындайтын авариялар, технологиялық бұзушылықтар немесе оқыс оқиғалар;</p> <p>б) нормативтік құқықтық актілерде және (немесе) нормативтік техникалық құжаттарда белгіленген талаптарды адамның өміріне, денсаулығына және мекендеу ортасына қауіп төндіретіндей бұзушылық анықталған жағдайда, бақылау мақсатында сатып алу қорытындылары бойынша өнімді зерттеу нәтижелері.</p>	Елеулі
8	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылау мақсатында сатып алуды жүргізу.	Елеулі
9	Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылауды жүзеге асырмай бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы	Өрескел

	профилактикалық бақылауды жүргізу.	
10	Бағалау мен тәуекелдерді басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) саны бойынша ең төменгі рұқсат етілген шекті (бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) жалпы санының бес пайызы) сақтау.	Өрескел
11	Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптардың сақталуына тексеру жүргізу кезеңділігін сақтамау.	Өрескел
12	Мынадай жағдайда: 1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасаса; 2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалса; 3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері	Елеулі

	болса, бақылау мен қадағалау субъектілерін ақпараттық жүйені қолдана отырып, тәуекелдің жоғары дәрежесінен тәуекелдің орташа дәрежесіне немесе тәуекелдің орташа дәрежесінен тәуекелдің төмен дәрежесіне ауыстыру.	
13	Кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу тәртібінің мәселелері бойынша заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдау.	Елеулі
14	Қазақстан Республикасының заңдарында оларды қолдану тәртібі көзделмеген жағдайларда жедел ден қою шараларын қолданбау.	Елеулі
15	Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның орындалуы туралы ақпарат ұсынылмаған жағдайда, жоспардан тыс тексеру қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықты жою туралы ұйғарымды орындау бойынша жоспардан тыс тексеруді тағайындамау.	Өрескел
16	Бұзушылықтардың тікелей жасалған сәтінде олардың жолын кесу қажет болған жағдайда жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақыт, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілетін жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жұмыс режимі орнатылған жеке кәсіпкерлік субъектісінің жұмыс уақытында жүргізу.	Елеулі
17	Жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік тіркелген (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалардан және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық	Өрескел

	мирасқорларынан басқа) күннен бастап үш жыл ішінде оларға қатысты мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізбеу.	
18	Анонимді өтініштер бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізбеу.	Өрескел
19	Нақты бір жеке кәсіпкерлік субъектілеріне (объектілеріне) қатысты анықталған, жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз бола алмайтын фактілер мен мән-жайлар бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізу.	Өрескел
20	Бақылау және қадағалау органының бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актісі негізінде бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізу.	Өрескел
	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіде мынадай ақпаратты көрсету :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) актінің күні мен нөмірі; 2) мемлекеттік органның атауы; 3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы; 4) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер; 	

5) бақылау мен қадағалау субъектісінің атауы немесе бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, бақылау мен қадағалау объектілерінің тізбесі, аумақтың учаскесі;

6) тағайындалған бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасы;

7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу мерзімі;

8) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізудің негіздері, оның ішінде міндетті талаптары бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге жататын нормативтік құқықтық актілер;

9) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезеңі;

10) бақылау және қадағалау субъектісінің құқықтары мен міндеттері;

11) актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы және мемлекеттік органның мөрі;

12) заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы

Елеулі

	актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы.	
22	Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуді жүзеге асыру.	Өрескел
23	Бақылау мен қадағалау субъектісін (заңды тұлғаның басшысын не оның уәкілетті адамын, жеке тұлғаны) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің басталуы туралы ол басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын оның басталу күнін көрсете отырып, жазбаша түрде хабарлау.	Өрескел
24	Бақылау мен қадағалау субъектісіне жоспардан тыс тексеру басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) тексеру жүргізудің нысанасын көрсете отырып, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталуы туралы хабарлау.	Өрескел
25	Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан, тексеру парағымен танысудан бас тартқан, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыратын органның лауазымды адамының бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу үшін қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайларда	Елеулі

	<p>әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау.</p>	
26	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізетін лауазымды адамдардың құрамы ауысқан жағдайда бақылау мен қадағалау субъектісі және құқықтық статистика және арнаулы есепке алу саласындағы уәкілетті органды ауыстыру себептері көрсетіле отырып, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілмеген адамдардың бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге қатысуы басталғанға дейін хабардар ету.</p>	Елеулі
27	<p>Алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ қойылған міндеттер ескеріле отырып, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу:</p> <p>1) микрокәсіпкерлік субъектілері үшін – бес жұмыс күнінен артық емес және бес жұмыс күніне дейін ұзарта отырып;</p> <p>2) шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын бақылау мен қадағалау субъектілері үшін:</p> <p>бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруді жүргізу кезінде – он бес жұмыс күнінен артық емес және он бес жұмыс күнінен артық емес мерзімге ұзарта отырып;</p> <p>жоспардан тыс тексерулерді жүргізу кезінде – он жұмыс</p>	Өрескел

	күнінен артық емес және он жұмыс күніне дейін ұзарта отырып.	
28	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді ұзартуды бақылау және қадағалау органы басшысының (не оның міндетін атқарушы адам):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде шетелдік мемлекеттік органдардан ақпарат алу; 2) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізілетін тұлғаның тұрған жерін анықтау; 3) зертханалық зерттеулердің нәтижелерін алу қажет болған жағдайларда тек бір рет жүзеге асырады. 	Өрескел
29	<p>Тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау мерзімдері ұзартылған жағдайда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркей отырып және тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау тағайындау туралы алдыңғы актінің нөмірі мен тіркелген күнін және ұзартудың себебін көрсете отырып, тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды ұзарту туралы қосымша актіні ресімдеу.</p>	Елеулі
30	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін ұзарту туралы бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) ұзартылғанға дейін</p>	Өрескел

	бір жұмыс күні бұрын хабардар ету.	
31	Бақылау мен қадағалау субъектісі басшысының немесе өкілінің және өнім үлгілерін алу актісімен куәландырылған бақылау мен қадағалау субъектісі уәкілетті адамының қатысуымен бақылау және қадағалау органының лауазымды адамының өнім үлгілерін алуды жүргізуі.	Өрескел
32	<p>Өнім үлгілерін алу актісінде мыналарды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жасалған орны мен күнін; 2) бақылау және қадағалау органы басшысының өнім үлгілерін алуды жүзеге асыруға негіз болған шешімінің күні мен нөмірін; 3) бақылау және қадағалау органының өнім үлгілерін алуды жүзеге асыратын лауазымды адамдарының лауазымын, тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе); 4) өнім үлгілерін алу жүргізілетін бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауын және тұрған жерін; 5) бақылау мен қадағалау субъектісі басшысының немесе өкілінің және бақылау мен қадағалау субъектісі уәкілетті адамының лауазымы мен тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе); 6) үлгілердің өндірушісі, өндірілу күні, партияларының сериялары (нөмірлері), жалпы құны көрсетілген алынған өнім үлгілерінің тізбесі мен санын; 7) қаптаманың түрін және мөр (пломба) нөмірін көрсету. 	Елеулі
	Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде мынадай шектеулерді сақтау:	
	1) осы бақылау және қадағалау органының тексеру парақтарында белгіленбеген талаптардың	

орындалуын, сондай-ақ егер мұндай талаптар өзінің атынан осы лауазымды адамдар әрекет ететін мемлекеттік органның құзыретіне жатпаса, тексеруге;

2) егер олар бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің объектілері болып табылмаса немесе бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасына жатпаса, құжаттар, ақпарат, өнім үлгілерін, қоршаған орта объектілері мен өндірістік орта объектілерін зерттеп-қарау сынамаларын ұсынуды талап етуге;

3) өнім үлгілерін, қоршаған орта объектілері мен өндірістік орта объектілерін зерттеп-қарау сынамаларын зерттеуді, сынауды, өлшеуді жүргізу үшін белгіленген нысан бойынша және (немесе) ұлттық стандарттарда, үлгілерді, сынамаларды іріктеу қағидаларында және оларды зерттеу, сынау, өлшеу әдістерінде, техникалық регламенттерде немесе олар күшіне енген күнге дейін қолданылатын өзге де нормативтік техникалық құжаттарда, зерттеу, сынау, өлшеу қағидалары мен әдістерінде белгіленген нормалардан асатын көлемде көрсетілген үлгілерді, сынамаларды алу туралы актіні ресімдеместен, өнім үлгілерін, қоршаған орта объектілері мен өндірістік орта объектілерін зерттеп-қарау сынамаларын алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де

құпияны құрайтын ақпаратты жариялауға және (немесе) таратуға;

5) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерін асыруға;

6) бір кезеңдегі бір мәселе бойынша өзінің жоғары тұрған (төмен тұрған) органы не өзге мемлекеттік орган оған қатысты бұрын бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізуге;

7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізу мақсатында бақылау мен қадағалау субъектілерінің есебінен шығынды сипаттағы іс-шараларды өткізуге.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актіні мынадай ақпаратты көрсете отырып жасау:

1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;

2) бақылау және қадағалау органының атауы;

3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізуге негіз болған бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актінің (бар

болған кезде мерзімді ұзарту туралы қосымша актінің) күні мен нөмірі;

4) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) бақылау мен қадағалау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;

6) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу күні, орны және кезеңі;

7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер;

8) тексеру парағының атауы және талаптардың бұзушылықтар анықталған тармақтары;

9) бақылау мен қадағалау субъектісі өкілдерінің, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамдардың бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актімен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы

	<p>мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы;</p> <p>10) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы.</p>	
<p>35</p>	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы мынадай ақпаратты көрсете отырып жасау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) нұсқаманың жасалған күні, уақыты және орны; 2) бақылау және қадағалау органының атауы; 3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы; 4) бақылау мен қадағалау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы; 5) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу күні, орны және кезеңі; 6) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарына сәйкес бұзушылықтың ауырлық дәрежесін міндетті түрде көрсете отырып, тексеру парағы 	<p>Елеулі</p>

	<p>талаптарының тармақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың тізбесі;</p> <p>7) анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою бойынша нұсқаулар;</p> <p>8) бақылау мен қадағалау субъектісі өкілінің (занды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның), сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру кезінде қатысқан адамдардың нұсқамамен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы;</p> <p>9) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы.</p>	
36	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нысанасына жатпайтын талаптарды қоймау және өтінім жасамау.</p>	Өрескел
37	<p>Бақылау және қадағалау органдарының құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша олардың бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындамауы.</p>	Өрескел
38	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізу кезеңділігін сақтау.</p>	Өрескел
39	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актіні, бұзушылықтар анықталған жағдайда – бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару</p>	Өрескел

	<p>арқылы жүргізілген профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы олар аяқталған күні беру.</p>	
<p>40</p>	<p>Бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарының бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде мынадай міндеттерді сақтауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, бақылау мен қадағалау субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау; 2) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік код екісінде және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген негізде және тәртіпке қатаң сәйкестікте жүргізу; 3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезеңінде бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеу; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындау; 5) бақылау мен қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару 	<p>Елеулі</p>

	<p>арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде қатысуына кедергі келтірмеуге, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасына жататын мәселелер бойынша түсіндірмелер беру;</p> <p>6) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасына жататын қажетті ақпаратты бақылау мен қадағалау субъектісіне беру;</p> <p>7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету.</p>	
41	<p>Шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тоқтата тұру.</p>	Елеулі
42	<p>Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бақылау және қадағалау органының жыл сайынғы Бірыңғай есеп беру күнін өткізуі.</p>	Елеулі
<p>Бақылау субъектілерінің бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беру, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға хабарлама қабылдау тәртібін сақтауы бойынша өлшемшарттар</p>		
1	<p>Жеке және заңды тұлғалардан " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) көзделмеген рұқсаттардың немесе хабарламалардың болуын талап етпеу.</p>	Елеулі
	<p>Лицензиат немесе екінші санаттағы рұқсаттың иесі болып табылатын жеке және заңды тұлғаның рұқсат беру органына</p>	

2	ерікті түрде жүгінуі бойынша тоқтатыла тұрған рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданылуын қайта бастау туралы үш жұмыс күні ішінде шешім қабылдау.	Елеулі
3	Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, берілген рұқсаттар, жіберілген хабарламалар, рұқсаттар берудің және хабарламалар жіберудің шарттары туралы мәліметтерді " электрондық үкіметтің" веб-порталында жәнебақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) интернет-ресурстарында казак және орыс тілдерінде орналастыру .	Елеулі
4	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) мынадай міндеттерді сақтауы: 1) Заңға сәйкес лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру; 2) мүмкіндігі шектеулі адамдар рұқсаттар алған кезде олар үшін қажетті жағдайлар жасау; 3) лицензиялау, рұқсат беру рәсімдері, бұл үшін талап етілетін құжаттар тізбесі және осындай құжаттарды алу және ресімдеу тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсыну; 4) мемлекеттік органдарға және Мемлекеттік корпорацияға лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру үшін, оның ішінде ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және (немесе) ақпаратты ұсыну; 5) өтініш берушілердің, лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылдау;	Елеулі

	<p>6) рұқсаттар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелердің іркіліссіз жұмыс істеуін және толығып отыруын өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету;</p> <p>7) рұқсаттар беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға өтініш берушілердің, лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің жазбаша келісімін , оның ішінде электрондық құжат нысанында алу.</p>	
5	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) рұқсаттардың қолданылу мерзімі бойынша талаптарды сақтауы.	Елеулі
6	Рұқсаттар беруді біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкес келетін барлық адамдар үшін тең негіздерде және тең жағдайларда жүзеге асыру.	Елеулі
7	Лицензиялау және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде өтініш берушінің құжаттарын қараудан бас тартуды ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда ғана екі жұмыс күні ішінде жүзеге асыру.	Өрескел
8	Құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген, өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда және егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша лицензиат заңды тұлғаларды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандардың ішіндегі басқа заңды тұлғаға бұрын қайта ресімделген жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде бас тартуды жүзеге асыру.	Өрескел
	Рұқсат беру органының өтініш берушінің рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны алуға құжаттарын тіркеген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде	

9	өтініш берушінің алдағы қызметін жүзеге асыру орны бойынша тиісті мемлекеттік органдарға келісімдерді алу үшін сұрату жібере отырып, өтініш берушінің белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік органдардың келісімдерін (ілеспе рұқсаттарын) алуы.	Өрескел
10	Рұқсат беру органының рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны беру мерзімін өткізіп алған жағдайда мерзімі өткен сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге оны беруді жүзеге асыруы.	Өрескел
11	Жеке немесе заңды тұлғаның не шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің қызметті жүзеге асыру орны бойынша берілетін "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілетін лицензияларды қоспағанда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді тіркеу орны бойынша жүзеге асыру.	Елеулі
12	<p>Өтініш берушілерден мынадай құжаттарды:</p> <p>1) қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оған патрондардың айналымына байланысты қызметті, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымына байланысты қызметті, күзет қызметін жүзеге асыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін – жарғының көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған көшірмесін);</p> <p>2) заңды тұлға үшін – өтініш беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;</p> <p>3) жеке тұлға үшін – егер мынадай құжаттар туралы ақпаратты</p>	Елеулі

	лицензиар тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ала алатын болса, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынуды талап етпеу.	
13	Қолданылу мерзімі бар лицензияны оның қолданылу мерзімін шектемей беруді жүзеге асыру.	Елеулі
14	Тиісті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей берілетін атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, білім беру саласындағы, көмірсутектер саласындағы лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді не оларды беруден уәжді бас тартуды он бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асыру.	Өрескел
15	Лицензияға қосымшаларды (лицензияға қосымшалардың төлнұсқаларын) беру кезінде, сондай-ақ берілген рұқсатта және (немесе) рұқсатқа қосымшада қателер анықталған жағдайда лицензиялық алым алмау.	Елеулі
16	Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартуды: 1) жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған; 2) лицензиялық алым енгізілмеген; 3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген; 4) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған; 5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін	Өрескел

	<p>токтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;</p> <p>6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;</p> <p>7) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асыру.</p>	
17	<p>Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны:</p> <p>1) лицензиат жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;</p> <p>2) лицензиат жеке кәсіпкер қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекен жайы өзгерген;</p> <p>3) лицензиат заңды тұлға Заңға сәйкес айқындалған тәртіпке сай қайта ұйымдастырылған;</p> <p>4) лицензиат заңды тұлғаның атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген;</p> <p>5) егер нақты лицензияның иеліктен шығарылатындығы Заңға 1-қосымшада көзделген жағдайларда лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығарған;</p> <p>6) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекен жайы өзгерген;</p> <p>7) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда қайта ресімдеуді жүзеге асыру.</p>	Елеулі
	<p>Лицензияны және (немесе) қосымшаны қайта ресімдеу кезінде өтініш берушіден мыналарды:</p>	

18	<p>1) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өтінішті ;</p> <p>2) лицензияларды қайта ресімдеу жағдайлары үшін – "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы ақы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжатты;</p> <p>3) алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, өзге де құжаттардың ұсынылуын талап етпеу.</p>	Елеулі
19	Лицензиат заңды тұлғаның бөліну және бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастырылуы кезіндегі қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде лицензиардың өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырмауы.	Елеулі
	<p>Өтініш беруші мынадай құжаттарды:</p> <p>1) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін өтінішті;</p> <p>2) лицензияларды қайта ресімдеу жағдайлары үшін – "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы ақы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжатты;</p>	

20	<p>3) алынатын ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелерін ұсынбаған немесе тиісінше ресімдемеген жағдайларда, сондай-ақ өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тартуды жүзеге асыру.</p>	Өрескел
21	<p>Лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды электрондық нысанда ресімдеуді мынадай талаптарды сақтай отырып жүзеге асыру:</p> <p>1) өтініш беруші рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш жасаған жағдайда рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және рұқсат беруші органның мөрімен және рұқсат беруші орган басшысының қолымен расталады;</p> <p>2) рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны электрондық нысанда беру мүмкін болмаған жағдайда рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша қағаз жеткізгіште беріледі.</p>	Болмашы
22	<p>Заңды тұлғаны бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензиардың лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны құжаттар берілген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта ресімдеуді жүзеге асыруы.</p>	Өрескел
	<p>Өтініш берушінің таңдауы бойынша лицензияланатын сол бір қызмет түріне немесе лицензияланатын қызмет түрінің кіші түріне лицензиясы, бір ғана лицензиясы және (немесе)</p>	

23	лицензияға қосымшасы бар бірнеше лицензиат заңды тұлғаның бірігуі нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаға қайта ресімдеуді жүзеге асыру.	Елеулі
24	Егер қосылатын заңды тұлғада және қосылатын заңды тұлғаны өзіне қосып алған заңды тұлғада лицензияланатын сол бір қызмет түріне немесе лицензияланатын қызмет түрінің кіші түріне лицензиялар болса, қосылатын заңды тұлғаның лицензиясын заңды тұлғаны қосып алған заңды тұлғаға қайта ресімдеуді жүргізбеу.	Елеулі
25	Рұқсат беру органының лицензиат заңды тұлғаны бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде бастамашылық жасалған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден мынадай негіздер бойынша: 1) құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген; 2) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген; 3) егер бұрын лицензия және (немесе) лицензияға қосымша лицензиат заңды тұлғалардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болғандар қатарынан басқа заңды тұлғаға қайта ресімделген жағдайда бас тартуды жүзеге асыруы.	Елеулі
26	Құжаттармен бірге өтініш берілген не көрсетілген мерзімдерде уәжді бас тарту берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей қайта ресімделетін атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет саласындағы, экспорттық бақылауға жататын өнімнің импорты мен экспорты саласындағы, білім беру саласындағы, көмірсутектер саласындағы лицензияларды және	Өрескел

	(немесе) лицензияларға қосымшаларды қоспағанда, лицензиарлардың бөлініп шығу немесе бөлу нысанында лицензиат заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде қайта ресімделген лицензияны (немесе) лицензияға қосымшаны беруді он бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асыруы.	
27	<p>Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын мынадай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) берілген мерзімі өткен; 2) жүзеге асырылуы үшін берілген әрекеттер (операциялар) толық көлемде жасалған; 3) лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айырған (кері қайтарған); 4) жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, заңды тұлға таратылған; 5) лицензиат лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде лицензиарға өтініш жасаған; 6) Заңға 1-қосымшадан лицензия немесе жекелеген қызмет түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі немесе әрекет (операция) алып тасталған; 7) лицензиат лицензиялануға жататын тұлғалар қатарынан алыптасталған жағдайларда тоқтатуды жүзеге асыру. 	Елеулі
28	Рұқсат беру органдарының ойын бизнесі, сәулет, қала құрылысы мен құрылыс және атом энергиясын пайдалану салаларында жекелеген қызмет түрлерін лицензиялаудың ерекше шарттарын сақтауы.	Елеулі
29	Рұқсат беру органдарының экспорт және импорт саласындағы лицензиялау туралы жалпы ережелерді сақтауы.	Елеулі
30	Рұқсат беру органының екінші санаттағы рұқсаттардың берілу мерзімдерін сақтауы.	Өрескел

31	Рұқсат беру органының екінші санаттағы рұқсатты беру үшін белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге екінші санаттағы рұқсатты беруден уәжді бас тартуды жүзеге асыруы.	Өрескел
32	Рұқсат беру органының рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның телнұсқаларын тиісті өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышында "телнұсқа" деген жазумен және олардың алғаш берілген күні мен қайта ресімделген күнін көрсете отырып беруді жүзеге асыруы.	Елеулі
33	Рұқсат беру органының өтініш беруші тиісті өтінішті берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне қажетті өзгерістер енгізуді және тиісті түзетулері бар рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны беруді жүзеге асыруы (берілген рұқсатта және (немесе) рұқсатқа қосымшада қателер анықталған жағдайда).	Елеулі
34	Рұқсат беру органының рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданылуын тоқтата тұруды тиісті түрде жүзеге асыруы.	Елеулі
35	Өтініш беруші бұзушылықтарды жою туралы өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде рұқсат беру органының бұзушылықтарды жоюды тексеруді жүзеге асыруы.	Елеулі
36	Лицензиат немесе екінші санаттағы рұқсатты иеленуші тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтардың жойылғаны туралы өтінішті бермеген жағдайда рұқсат беру органының тоқтата тұру мерзімі өткен кезден бастап он жұмыс күні ішінде рұқсаттан және (Елеулі

	немесе) рұқсатқа қосымшадан айыру (кері қайтарып алу) рәсіміне бастамашылық жасауы.	
37	Рұқсат беру органының рұқсаттан айыруды (кері қайтарып алуды) тиісінше жүзеге асыруы.	Елеулі
38	Қызметті жүзеге асыруды хабарлау тәртібінде өтініш берушілерден мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардан алуға болатын құжаттар мен өзге де ақпаратты талап етпеу.	Елеулі
39	Хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініш берушілерге рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен өтініш берушілердің жіберген хабарламалары туралы үзінді көшірмелерді өтініш жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруі.	Өрескел
40	Автоматтандыруға жатпайтын рұқсаттарды қоспағанда, рұқсат беру органдарының рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне қағаз нысанда рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асырумен бір мезгілде жүзеге асырылған рұқсат беру рәсімдері туралы ақпаратты енгізуі.	Елеулі
41	Жеке немесе заңды тұлғаның қызметі немесе жекелеген қызмет түрлері немесе әрекеттері (операциялары) тоқтатыла тұрған жағдайда рұқсат беру органдарының тиісті мәліметтерді міндетті түрде енгізе отырып, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін тұрақты негізде жүргізуі.	Елеулі
42	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) өтініш берушінің өтініші бойынша, жеке немесе заңды тұлғаның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне немесе әрекеттеріне тыйым салу туралы сот шешімі бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік	Елеулі

электрондық тізілімінен
хабарламаны алып тастауды
жүзеге асыруы.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 12 мамырдағы
№ 63 бұйрығына
2-қосымша

Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тексеру парағы

Ескерту. Тексеру парағы жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 18.03.2024 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган: _____

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт: _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы: _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру

нөмірі: _____

Орналасқан жерінің мекенжайы: _____

Р/с №	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
	Реттеуші мемлекеттік органның, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітілген және реттеуші мемлекеттік органдардың		

1	интернет-ресурстарында орналастырылған бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарының болуы.		
2	Реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында және өзге де цифрлық платформаларда орналастырылған бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына қатысты актілердің, тексеру парақтарының болуы.		
3	Реттеуші мемлекеттік органның және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітілген және реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылған жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының болуы.		
4	Профилактикалық бақылауды бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай жеке кәсіпкерлік субъектісі ұсынған есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық		

	ресурстардан алынған мәліметтерді және бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді талдау негізінде жүргізу.		
5	Реттеуші мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен жартыжылдық график пен жартыжылдық тізімі негізінде нақты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу.		
	Мынадай негіздер бойынша нақты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізу: 1) талаптарға сәйкестігін тексеру және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған өрескел бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау; 2) егер бақылау мен қадағалау субъектісі бір реттен артық анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты ұсынбаса және (немесе) бұзушылықтарды жоймаса, талаптарға сәйкестігін тексеру және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы		

профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында айқындалған елеулі және б о л м а ш ы бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау;

3) сенімді негіздер және растайтын дәлелдемелер болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары;

4) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша не оларға зиян келтіру қатері туралы прокуратура органдарының тапсырмалары;

5) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің, сондай-ақ жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдардың жолданымдары;

6) бақылау мен қадағалау субъектісінің бастапқы тексерумен келіспейтіні

туралы жүгінуіне байланысты қайта тексеру (жедел ден қою шараларын қолданудың заңсыздығы);

7) қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмасы;

8) салық төлеушінің жолданымдары, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі інде (Салық кодексі) айқындалған мәліметтер мен мәселелер.

Мынадай негіздер бойынша тергеп-тексеруді жүргізу:

1) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған орта мен жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру факті адамдар тобына қатысты болған және бұзушылықтарға жол берген нақты бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) анықтау талап етілетін жағдайларда олардың нақты фактілері бойынша жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жолданымдары;

2) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес қайтыс болу туралы ақпарат (шұғыл хабархат);

3) эпидемияның, жалған және тіркелмеген

пестицидтердің,
ветеринариялық
препараттардың, жемшөп
қоспаларының,
карантиндік объектілер
мен аса қауіпті зиянды
организмдер
ошақтарының,
инфекциялық, паразиттік
аурулардың,
уланулардың,
радиациялық
авариялардың туындауы
мен таралуы туралы
мемлекеттік органдар
немесе қызмет
субъектілері беретін
ақпарат (шұғыл хабархат)

;

4) еңбек қызметіне
байланысты
жұмыскерлердің
денсаулығын зақымдау
жағдайлары және еңбекке
жарамсыздыққа не өлімге
алып келген жағдайлар;

5) алдындағы
мән-жайларын анықтау,
олардың себептерін,
техникалық
кұрылғыларды пайдалану
шарттарын,
технологиялық
процестерді
бұзушылықтардың,
өнеркәсіптік қауіпсіздік
талаптарын, электр
энергетикасы
саласындағы талаптарды
бұзушылықтардың
сипатын анықтау,
осындай авариялардың,
технологиялық
бұзушылықтардың
немесе оқыс оқиғалардың
салдарларын жою және
оларды болғызбау
жөніндегі іс-шараларды,
авариядан,
технологиялық
бұзушылықтан немесе
оқыс оқиғадан
келтірілген материалдық
залалды айқындау

	<p>қажеттігі туындайтын авариялар, технологиялық бұзушылықтар немесе оқыс оқиғалар;</p> <p>б) нормативтік құқықтық актілерде және (немесе) нормативтік техникалық құжаттарда белгіленген талаптарды адамның өміріне, денсаулығына және мекендеу ортасына қауіп төндіретіндей бұзушылық анықталған жағдайда, бақылау мақсатында сатып алу қорытындылары бойынша өнімді зерттеу нәтижелері.</p>		
8	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылау мақсатында сатып алуды жүргізу.</p>		
9	<p>Мемлекеттік бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бармай профилактикалық бақылауды жүзеге асырмай бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізбеу.</p>		
10	<p>Бағалау мен тәуекелдерді басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) саны бойынша ең төменгі рұқсат етілген шекті (бақылау және қадағалау</p>		

	субъектілерінің (объектілерінің) жалпы санының бес пайызы) сақтау.		
11	Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптардың сақталуына тексеру жүргізу кезеңділігін сақтамау.		
12	Мынадай жағдайда: 1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасаса; 2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалса; 3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін		

	<p>ұйымның мүшелері болса , бақылау мен қадағалау субъектілерін ақпараттық жүйені қолдана отырып, тәуекелдің жоғары дәрежесінен тәуекелдің орташа дәрежесіне немесе тәуекелдің орташа дәрежесінен тәуекелдің төмен дәрежесіне ауыстыру.</p>		
13	<p>Кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізу тәртібінің мәселелері бойынша заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдау.</p>		
14	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында оларды қолдану тәртібі көзделмеген жағдайларда жедел ден қою шараларын қолданбау.</p>		
15	<p>Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның орындалуы туралы ақпарат ұсынылмаған жағдайда, жоспардан тыс тексеру қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықты жою туралы ұйғарымды орындау бойынша жоспардан тыс тексеруді тағайындамау.</p>		
16	<p>Бұзушылықтардың тікелей жасалған сәтінде олардың жолын кесу қажет болған жағдайда жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақыт, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілетін жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе)</p>		

	<p>тексеруді жұмыс режимі орнатылған жеке кәсіпкерлік субъектісінің жұмыс уақытында жүргізу.</p>		
17	<p>Жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік тіркелген (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалардан және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларынан басқа) күннен бастап үш жыл ішінде оларға қатысты мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізбеу.</p>		
18	<p>Анонимді өтініштер бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізбеу.</p>		
19	<p>Нақты бір жеке кәсіпкерлік субъектілеріне (объектілеріне) қатысты анықталған, жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз бола алмайтын фактілер мен мән-жайлар бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізу.</p>		
20	<p>Бақылау және қадағалау органының бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актісі негізінде бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізу.</p>		
	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе)</p>		

тексеруді тағайындау туралы актіде мынадай ақпаратты көрсету:

1) актінің күні мен нөмірі ;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер;

5) бақылау мен қадағалау субъектісінің атауы немесе бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрған жері, сәйкестендіру нөмірі, бақылау мен қадағалау объектілерінің тізбесі, аумақтың учаскесі;

6) тағайындалған бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық

бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасы;

7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу мерзімі ;

8) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізудің негіздері, оның ішінде міндетті талаптары бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге жататын нормативтік құқықтық актілер;

9) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезеңі;

10) бақылау және қадағалау субъектісінің құқықтары мен міндеттері;

11) актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы және мемлекеттік органның мөрі;

12) заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы.

22	Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуді жүзеге асыру.		
23	Бақылау мен қадағалау субъектісін (заңды тұлғаның басшысын не оның уәкілетті адамын, жеке тұлғаны) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің басталуы туралы ол басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын оның басталу күнін көрсете отырып, жазбаша түрде хабарлау.		
24	Бақылау мен қадағалау субъектісіне жоспардан тыс тексеру басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) тексеру жүргізудің нысанасын көрсете отырып, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталуы туралы хабарлау.		
	Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан, тексеру парағымен танысудан бас тартқан, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы		

25	<p>профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыратын органның лауазымды адамының бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу үшін қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау.</p>		
26	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізетін лауазымды адамдардың құрамы ауысқан жағдайда бақылау мен қадағалау субъектісі және құқықтық статистика және арнаулы есепке алу саласындағы уәкілетті органды ауыстыру себептері көрсетіле отырып, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілмеген адамдардың бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге қатысуы басталғанға дейін хабардар ету.</p>		
	<p>Алдағы жұмыстардың көлемі, сондай-ақ қойылған міндеттер ескеріле отырып, бақылау мен қадағалау</p>		

субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу:

1) микрокәсіпкерлік субъектілері үшін – бес жұмыс күнінен артық емес және бес жұмыс күніне дейін ұзарта отырып;

2) шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын бақылау мен қадағалау субъектілері үшін:

бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруді жүргізу кезінде – он бес жұмыс күнінен артық емес және он бес жұмыс күнінен артық емес мерзімге ұзарта отырып;

жоспардан тыс тексерулерді жүргізу кезінде – он жұмыс күнінен артық емес және он жұмыс күніне дейін ұзарта отырып.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді ұзартуды бақылау және қадағалау органы басшысының (не оның міндетін атқарушы адам):

1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде шетелдік мемлекеттік органдардан ақпарат алу;

	<p>2) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізілетін тұлғаның тұрған жерін анықтау;</p> <p>3) зертханалық зерттеулердің нәтижелерін алу қажет болған жағдайларда тек бір рет жүзеге асырады.</p>		
29	<p>Тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау мерзімдері ұзартылған жағдайда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркей отырып және тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау тағайындау туралы алдыңғы актінің нөмірі мен тіркелген күнін және ұзартудың себебін көрсете отырып, тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және қадағалауды ұзарту туралы қосымша актіні ресімдеу.</p>		
30	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін ұзарту туралы бақылау мен қадағалау субъектісін (объектісін) ұзартылғанға дейін бір</p>		

	жұмыс күні бұрын хабардар ету.		
31	Бақылау мен қадағалау субъектісі басшысының немесе өкілінің және өнім үлгілерін алу актісімен куәландырылған бақылау мен қадағалау субъектісі уәкілетті адамының қатысуымен бақылау және қадағалау органының лауазымды адамының өнім үлгілерін алуды жүргізуі.		
32	Өнім үлгілерін алу актісінде мыналарды: 1) жасалған орны мен күнін; 2) бақылау және қадағалау органы басшысының өнім үлгілерін алуды жүзеге асыруға негіз болған шешімінің күні мен нөмірін; 3) бақылау және қадағалау органының өнім үлгілерін алуды жүзеге асыратын лауазымды адамдарының лауазымын, тегін, атын және әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе); 4) өнім үлгілерін алу жүргізілетін бақылау мен қадағалау субъектісінің (объектісінің) атауын және тұрған жерін; 5) бақылау мен қадағалау субъектісі басшысының немесе өкілінің және бақылау мен қадағалау субъектісі уәкілетті адамының лауазымы мен тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе); 6) үлгілердің өндірушісі, өндірілу күні,		

	<p>партияларының сериялары (нөмірлері), жалпы құны көрсетілген алынған өнім үлгілерінің тізбесі мен санын; 7) қаптаманың түрін және мөр (пломба) нөмірін көрсету.</p>		
	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде мынадай шектеулерді сақтау:</p> <p>1) осы бақылау және қадағалау органының тексеру парақтарында белгіленбеген талаптардың орындалуын, сондай-ақ егер мұндай талаптар өзінің атынан осы лауазымды адамдар әрекет ететін мемлекеттік органның құзыретіне жатпаса, тексеруге;</p> <p>2) егер олар бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің объектілері болып табылмаса немесе бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасына жатпаса, құжаттар, ақпарат, өнім үлгілерін, қоршаған орта объектілері мен өндірістік орта объектілерін зерттеп-қарау сынамаларын ұсынуды талап етуге;</p> <p>3) өнім үлгілерін, қоршаған орта объектілері мен өндірістік орта</p>		

объектілерін зерттеп-қарау сынамаларын зерттеуді, сынауды, өлшеуді жүргізу үшін белгіленген нысан бойынша және (немесе) ұлттық стандарттарда, үлгілерді, сынамаларды іріктеу қағидаларында және оларды зерттеу, сынау, өлшеу әдістерінде, техникалық регламенттерде немесе олар күшіне енген күнге дейін қолданылатын өзге де нормативтік техникалық құжаттарда, зерттеу, сынау, өлшеу қағидалары мен әдістерінде белгіленген нормалардан асатын көлемде көрсетілген үлгілерді, сынамаларды алу туралы актіні ресімдеместен, өнім үлгілерін, қоршаған орта объектілері мен өндірістік орта объектілерін зерттеп-қарау сынамаларын алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық, салықтық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жариялауға және (немесе) таратуға;

5) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе)

тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерін асыруға;

6) бір кезеңдегі бір мәселе бойынша өзінің жоғары тұрған (төмен тұрған) органы не өзге мемлекеттік орган оған қатысты бұрын бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізуге;

7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізу мақсатында бақылау мен қадағалау субъектілерінің есебінен шығынды сипаттағы іс-шараларды өткізуге.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актіні мынадай ақпаратты көрсете отырып жасау:

- 1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;
- 2) бақылау және қадағалау органының атауы;
- 3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізуге негіз

болған бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актінің (бар болған кезде мерзімді ұзарту туралы қосымша актінің) күні мен нөмірі;

4) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) бақылау мен қадағалау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;

6) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу күні, орны және кезеңі;

7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер;

8) тексеру парағының атауы және талаптардың бұзушылықтар анықталған тармақтары;
9) бақылау мен қадағалау субъектісі өкілдерінің, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамдардың бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актімен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы;
10) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы мынадай ақпаратты көрсете отырып жасау:
1) нұсқаманың жасалған күні, уақыты және орны;
2) бақылау және қадағалау органының атауы;
3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе)

тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) бақылау мен қадағалау субъектісінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;

5) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу күні, орны және кезеңі;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарына сәйкес бұзушылықтың ауырлық дәрежесін міндетті түрде көрсете отырып, тексеру парағы талаптарының тармақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың тізбесі;

7) анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою бойынша нұсқаулар;

8) бақылау мен қадағалау субъектісі өкілінің (заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның), сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе)

	<p>тексеру кезінде қатысқан адамдардың нұсқамамен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбасы немесе қол қоюдан бас тартуы;</p> <p>9) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолтаңбасы.</p>		
36	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нысанасына жатпайтын талаптарды қоймау және өтінім жасамау.</p>		
37	<p>Бақылау және қадағалау органдарының құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша олардың бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындамауы .</p>		
38	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізу кезеңділігін сақтау.</p>		
	<p>Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы актіні, бұзушылықтар анықталған жағдайда – бақылау мен қадағалау</p>		

субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізілген профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы олар аяқталған күні беру.

Бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарының бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде мынадай міндеттерді сақтауы:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, бақылау мен қадағалау субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
- 2) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде және (немесе) Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген негізде және тәртіпке қатаң сәйкестікте жүргізу ;
- 3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезеңінде бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеу;

- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындау;
- 5) бақылау мен қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу кезінде қатысуына кедергі келтірмеуге, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасына жататын мәселелер бойынша түсіндірмелер беру;
- 6) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанасына жататын қажетті ақпаратты бақылау мен қадағалау субъектісіне беру;
- 7) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік

41	субъектілерін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тоқтата тұру.		
42	Кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бақылау және қадағалау органының жыл сайынғы Бірыңғай есеп беру күнін өткізуі.		

Лауазымды адам (адамдар) _____

— (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

— (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 12 мамырдағы
№ 63 бұйрығына
3-қосымша

Бірінші және екінші санаттағы рұқсаттарды беруді, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы тексеру парағы

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган: _____

— Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт _____

— (№, күні)
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы: _____

— Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес- сәйкестендіру нөмірі: _____

— Орналасқан жерінің мекенжайы: _____

p/c №	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру		
2	Лицензиат немесе екінші санаттағы рұқсаттың иесі болып табылатын жеке және заңды тұлғаның рұқсат беру органына ерікті түрде жүгінуі бойынша тоқтатыла тұрған рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданылуын қайта бастау туралы үш жұмыс күні ішінде шешім қабылдау		
3	Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты коспағанда, берілген рұқсаттар, жіберілген хабарламалар, рұқсаттар берудің және хабарламалар жіберудің шарттары туралы мәліметтерді " электрондық үкіметтің" веб-порталында және бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) интернет-ресурстарында қазақ және орыс тілдерінде орналастыру		
	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) мынадай міндеттерді сақтауы: 1) Заңға сәйкес лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру; 2) мүмкіндігі шектеулі адамдар рұқсаттар алған кезде олар үшін қажетті жағдайлар жасау; 3) лицензиялау, рұқсат беру рәсімдері, бұл үшін		

талап етілетін құжаттар тізбесі және осындай құжаттарды алу және ресімдеу тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда ұсыну;

4) мемлекеттік органдарға және Мемлекеттік корпорацияға лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру үшін, оның ішінде ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және (немесе) ақпаратты ұсыну;

5) өтініш берушілердің, лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылдау;

6) рұқсаттар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелердің іркіліссіз жұмыс істеуін және толығып отыруын өз құзыреті шегінде қамтамасыз ету;

7) рұқсаттар беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға өтініш берушілердің, лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің жазбаша келісімін, оның ішінде электрондық құжат нысанында алу

5	Бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) рұқсаттардың қолданылу мерзімі бойынша талаптарды сақтауы		
6	Рұқсаттар беруді біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкес келетін барлық адамдар үшін тең негіздерде және тең жағдайларда жүзеге асыру		
7	Лицензиялау және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде өтініш берушінің құжаттарын қараудан бас тартуды ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда ғана екі жұмыс күні ішінде жүзеге асыру		
8	Құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген, өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда және егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша лицензиат заңды тұлғаларды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандардың ішіндегі басқа заңды тұлғаға бұрын қайта ресімделген жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде бас тартуды жүзеге асыру		
9	Рұқсат беру органының өтініш берушінің рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны алуға құжаттарын тіркеген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің алдағы қызметін жүзеге асыру орны бойынша тиісті мемлекеттік органдарға		

	<p>келісімдерді алу үшін сұрату жібере отырып, өтініш берушінің белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік органдардың келісімдерін (ілеспе рұқсаттарын) алуы</p>		
10	<p>Рұқсат беру органының рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны беру мерзімін өткізіп алған жағдайда мерзімі өткен сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге оны беруді жүзеге асыруы</p>		
11	<p>Жеке немесе заңды тұлғаның не шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің қызметті жүзеге асыру орны бойынша берілетін "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілетін лицензияларды қоспағанда, лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді тіркеу орны бойынша жүзеге асыру</p>		
	<p>Өтініш берушілерден мынадай құжаттарды: 1) қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оған патрондардың айналымына байланысты қызметті, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымына байланысты қызметті, күзет қызметін жүзеге асыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды</p>		

12	<p>тұлғалар үшін – жарғының көшірмесін (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған көшірмесін);</p> <p>2) заңды тұлға үшін – өтініш беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;</p> <p>3) жеке тұлға үшін – егер мынадай құжаттар туралы ақпаратты лицензиар тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ала алатын болса, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынуды талап етпеу</p>		
13	Қолданылу мерзімі бар лицензияны оның қолданылу мерзімін шектемей беруді жүзеге асыру		
14	<p>Тиісті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей берілетін атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, білім беру саласындағы, көмірсутектер саласындағы лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді не оларды беруден уәжді бас тартуды он бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асыру</p>		

15	Лицензияға қосымшаларды (лицензияға қосымшалардың төлнұсқаларын) беру кезінде, сондай-ақ берілген рұқсатта және (немесе) рұқсатқа қосымшада қателер анықталған жағдайда лицензиялық алым алмау		
16	Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартуды: 1) жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған; 2) лицензиялық алым енгізілмеген; 3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген; 4) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алған; 5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған; 6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған; 7) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (

	<p>мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асыру</p>		
17	<p>Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) лицензиат жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген; 2) лицензиат жеке кәсіпкер қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген; 3) лицензиат заңды тұлға Заңға сәйкес айқындалған тәртіпке сай қайта ұйымдастырылған; 4) лицензиат заңды тұлғаның атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген; 5) егер нақты лицензияның иеліктен шығарылатындығы Заңға 1-қосымшада көзделген жағдайларда лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығарған; 6) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген; 7) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда қайта ресімдеуді жүзеге асыру 		

18	<p>Лицензияны және (немесе) қосымшаны қайта ресімдеу кезінде өтініш берушіден мыналарды:</p> <p>1) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу , бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша өтінішті;</p> <p>2) лицензияларды қайта ресімдеу жағдайлары үшін – "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы ақы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжатты;</p> <p>3) алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, өзге де құжаттардың ұсынылуын талап етпеу</p>		
19	<p>Лицензиат заңды тұлғаның бөліну және бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастырылуы кезіндегі қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде лицензиардың өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырмауы</p>		

Өтініш беруші мынадай құжаттарды:

1) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін өтінішті;

2) лицензияларды қайта ресімдеу жағдайлары үшін – "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы ақы төлеуді қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжатты;

3) алынатын ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелерін ұсынбаған немесе тиісінше ресімдемеген жағдайларда, сондай-ақ өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тартуды жүзеге асыру

Лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды электрондық нысанда ресімдеуді мынадай талаптарды сақтай отырып жүзеге асыру:
1) өтініш беруші рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш жасаған жағдайда

21	<p>рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және рұқсат беруші органның мөрімен және рұқсат беруші орган басшысының қолымен расталады;</p> <p>2) рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны электрондық нысанда беру мүмкін болмаған жағдайда рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша қағаз жеткізгіште беріледі</p>		
22	<p>Заңды тұлғаны бөліп шығару немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны қайта ресімдеуді қоспағанда, лицензиардың лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны құжаттар берілген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта ресімдеуді жүзеге асыруы</p>		
23	<p>Өтініш берушінің таңдауы бойынша лицензияланатын сол бір қызмет түріне немесе лицензияланатын қызмет түрінің кіші түріне лицензиясы, бір ғана лицензиясы және (немесе) лицензияға қосымшасы бар бірнеше лицензиат заңды тұлғаның бірігуі нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаға қайта ресімдеуді жүзеге асыру</p>		
	<p>Егер қосылатын заңды тұлғада және қосылатын заңды тұлғаны өзіне қосып алған заңды тұлғада лицензияланатын сол бір қызмет түріне немесе лицензияланатын</p>		

24	<p>қызмет түрінің кіші түріне лицензиялар болса, қосылатын заңды тұлғаның лицензиясын заңды тұлғаны қосып алған заңды тұлғаға қайта ресімдеуді жүргізбеу</p>		
25	<p>Рұқсат беру органының лицензиат заңды тұлғаны бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде бастамашылық жасалған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден мынадай негіздер бойынша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген; 2) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген; 3) егер бұрын лицензия және (немесе) лицензияға қосымша лицензиат заңды тұлғалардың бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болғандар қатарынан басқа заңды тұлғаға қайта ресімделген жағдайда бас тартуды жүзеге асыруы 		
26	<p>Құжаттармен бірге өтініш берілген не көрсетілген мерзімдерде уәжді бас тарту берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей қайта ресімделетін атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет саласындағы, экспорттық бақылауға жататын өнімнің импорты мен экспорты саласындағы, білім беру саласындағы,</p>		

	<p>көмірсутектер саласындағы лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды қоспағанда, лицензиарлардың бөлініп шығу немесе бөлу нысанында лицензиат заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде қайта ресімделген лицензияны (немесе) лицензияға қосымшаны беруді он бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асыруы</p>		
27	<p>Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын мынадай:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) берілген мерзімі өткен; 2) жүзеге асырылуы үшін берілген әрекеттер (операциялар) толық көлемде жасалған; 3) лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айырған (кері қайтарған); 4) жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, заңды тұлға таратылған; 5) лицензиат лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде лицензиарға өтініш жасаған; 6) Заңға 1-қосымшадан лицензия немесе жекелеген қызмет түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі немесе әрекет (операция) алып тасталған ; 7) лицензиат лицензиялануға жататын тұлғалар қатарынан алып тасталған жағдайларда тоқтатуды жүзеге асыру 		

28	Рұқсат беру органдарының ойын бизнесі, сәулет, қала құрылысы мен құрылыс және атом энергиясын пайдалану салаларында жекелеген қызмет түрлерін лицензиялаудың ерекше шарттарын сақтауы		
29	Рұқсат беру органдарының экспорт және импорт саласындағы лицензиялау туралы жалпы ережелерді сақтауы		
30	Рұқсат беру органының екінші санаттағы рұқсаттардың берілу мерзімдерін сақтауы		
31	Рұқсат беру органының екінші санаттағы рұқсатты беру үшін белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге екінші санаттағы рұқсатты беруден бас тартудың себептерін көрсете отырып уәжді бас тартуды жүзеге асыруы		
32	Рұқсат беру органының рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның телнұсқаларын тиісті өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышында " телнұсқа" деген жазумен және олардың алғаш берілген күні мен қайта ресімделген күнін көрсете отырып беруді жүзеге асыруы		
	Рұқсат беру органының өтініш беруші тиісті өтінішті берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттар мен хабарламалардың		

33	<p>мемлекеттік электрондық тізіліміне қажетті өзгерістер енгізуді және тиісті түзетулері бар рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны беруді жүзеге асыруы (берілген рұқсатта және (немесе) рұқсатқа қосымшада қателер анықталған жағдайда)</p>		
34	<p>Рұқсат беру органының рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданылуын тоқтата тұруды тиісті түрде жүзеге асыруы</p>		
35	<p>Өтініш беруші бұзушылықтарды жою туралы өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде рұқсат беру органының бұзушылықтарды жоюды тексеруді жүзеге асыруы</p>		
36	<p>Лицензиат немесе екінші санаттағы рұқсатты иеленуші тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтардың жойылғаны туралы өтінішті бермеген жағдайда рұқсат беру органының тоқтата тұру мерзімі өткен кезден бастап он жұмыс күні ішінде рұқсаттан және (немесе) рұқсатқа қосымшадан айыру (кері қайтарып алу) рәсіміне бастамашылық жасауы</p>		
37	<p>Рұқсат беру органының рұқсаттан айыруды (кері қайтарып алуды) тиісінше жүзеге асыруы</p>		
	<p>Қызметті жүзеге асыруды хабарлау тәртібінде өтініш берушілерден мемлекеттік электрондық</p>		

38	ақпараттық ресурстардан алуға болатын құжаттар мен өзге де ақпаратты талап етпеу		
39	Хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініш берушілерге рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен өтініш берушілердің жіберген хабарламалары туралы үзінді көшірмелерді өтініш жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруі		
40	Автоматтандыруға жатпайтын рұқсаттарды қоспағанда, рұқсат беру органдарының рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне қағаз нысанда рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асырумен бір мезгілде жүзеге асырылған рұқсат беру рәсімдері туралы ақпаратты енгізуі		
41	Жеке немесе заңды тұлғаның қызметі немесе жекелеген қызмет түрлері немесе әрекеттері (операциялары) тоқтатыла тұрған жағдайда рұқсат беру органдарының тиісті мәліметтерді міндетті түрде енгізе отырып, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін тұрақты негізде жүргізуі		
	Бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) өтініш берушінің өтініші бойынша, жеке немесе заңды тұлғаның қызметіне немесе жекелеген қызмет		

42

түрлеріне немесе
әрекеттеріне тыйым салу
туралы сот шешімі
бойынша рұқсаттар мен
хабарламалардың
мемлекеттік электрондық
тізілімінен хабарламаны
алып тастауды жүзеге
асыруы

Лауазымды адам (адамдар) _____

_____ (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса)